

Гүлдана Мұхтарбекқызы    Нұрсәуле Тілдабаева

# DOSTAR 2

**Адина**

*Балаларға арналған әңгімелер*

Астана-кітап  
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

М 86

**Мұхтарбекқызы Г., Тілдабаева Н.**

**М 86 DOSTAR-2. Адина:** Балаларға арналған әңгімелер. /

Мұхтарбекқызы Гүлдана, Тілдабаева Нұрсәуле, — Алматы:  
Астана-кітап, 2021. — 52 б.

**ISBN 978-601-7595-38-8**

Адина TikTok желісінің биші жұлдыздарына еліктеп, би өнерін меңгеруге кіріседі. Телешоуға байқау болатынын естіген Адина аз уақытта тележұлдызға айналуға бел буды. Адина қарсыластары Лаура мен Әнелді қалай жеңбек? Бұл жолы Түнек қандай жоспар құрды?

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-38-8

© Астана-кітап, 2021

## Мазмұны

Талап пен еңбек .....	6
Бірінші сабақ.....	7
«Би мектебіне барғымыз келеді».....	8
Адинаның арманы.....	9
Димаш хоккей мектебінде.....	10
Би мектебі.....	12
Мектеппен танысу.....	13
Адина мен биші қыздар.....	15
Байқау .....	16
Жеңіс жолындағы жанжал .....	18
Тимурдың жұбатуы.....	19
Адинаны арбаған Түнек.....	20
Достасу .....	21
Айжұлдыз .....	25
Түнектің жоспары.....	27
Қарсыластарымды қалай жеңемін? .....	28
Байқау алдындағы қастандық.....	30
Айжұлдыз бен ағайынды Жауыздар.....	31
Қастандық.....	33
Байқау.....	35
Мерей.....	39
Адина сахнада.....	40
Әшкере.....	42
Адина мен Түнек.....	43
Адинаның өкініші.....	44
Адинаның кешірім сұрауы.....	45
Еңбектенген адамның алмайтын асуы жоқ.....	48
Тапсырмалар.....	50

## **Құрметті оқырман!**

Адина TikTok желісінің биші жұлдыздарына еліктеп, би өнерін меңгеруге кіріседі. Телешоуға байқау болатынын естіген Адина аз уақытта тележұлдызға айналуға бел буды. Адина қарсыластары Лаура мен Әнелді қалай жеңбек? Бұл жолы Түнек қандай жоспар құрды?

Танымалдыққа жету жолында Адина қандай кедергіге тап болды? Бұл жолы Түнек Адинаға қалай әсер етті? Айжұлдыздың жолында қандай қиындықтар болды? Ол болмаса, Адинаға кім көмектеспек?

Бұл бөлім Адинаның өнер жолындағы бәйгеден алған өмірлік сабағынан сыр шертеді. Еңбек пен талаптың адам өміріндегі рөлі мен әділеттің маңызын айқындайды. Осы хикаяның бас кейіпкері Адина арманын іске асырудың оңай жолын іздейді, дегенмен, «майданға түспей, бәйге алмаудың» қаншалықты маңызды екенін көреді.

Ізгі тілекпен: “Астана-кітап”  
баспасының авторлар ұжымы

АДИНА



## Талап пен еңбек

Гена Түнекпен болған оқиғадан соң, өнер мектебіне бармайтын болды. Анасы да қарсы болмады. Енді Гена анасымен бірге өзі қызығатын курс таңдауға кірісті. Ана-ның баланы түсінгеніне не жетсін! Бұған Гена қатты қуанды, әлемде өзінен асқан бақытты адам жоқ шығар деп ойлады.

Гена видео ойындарға қызығатындықтан, ақпараттық технологияны үйрететін курсқа баратын болды. Курстардың ерекшелігімен, оқыту бағытымен танысты. Көп курс бірдей болғанымен, олардың мақсаты әртүрлі екен. Сөйтіп Android пен iOS операциялық жүйелеріне арнап ойын жасауды үйрететін жақсы бір курс тапты. Курс жетекшісі сұңғақ бойлы, жылы жүзді Мерей деген кісі екен. Ол Генамен біраз әңгімелесіп, сұрақ қойып жатыр:

– Гена, бос уақытыңда немен айналысқанды ұнатасың?

– Видео ойын ойнағанды ұнатамын.

– Иә, қазір көп бала ойынға қызығады. Саған қандай ойындар ұнайды?

– Көбіне миссия орындауға арналған, шутер ойындар ұнайды. Бірақ қазіргі ойындар тез іш пыстырып жібереді және миссиялары күрделі етіп жасалған.

– Дұрыс айтасың, ойын деген – өзіміз сияқты адамдардың қиялынан туған жеке әлем ғой. Адам жасаған затта кемшілік болып тұрады. Ал сен өз қиялыңдағы ойынды жасағың келе ме?

– Иә, мен қазіргілерден өзгеше ойын жасар едім...

– Талабыңа нұр жаусың, Гена! Сен нағыз бізге керек баласың.